

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир"  
телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы" Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысына өзгерістер енгізу  
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1264 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 226 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ  
Е Т Е Д І :**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 11, 84-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясымен жұмысты үйлестіру жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Мемлекетаралық телерадиокомпанияның 1997 жылғы 5 қыркүйектегі Жарғысына сәйкес Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының Мемлекетаралық үйлестіру кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы Болат Серікұлы Қалианбеков енгізілсін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі Арман Оразбайұлы Қырықбаев Қазақстан Республикасының «Мир» мемлекетаралық телерадиокомпаниясының жалпы жиналысындағы өкілетті өкілі болып бекітілсін.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*С. Ахметов*